

Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Дінтану» кафедрасы




БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының төрағасы,
ректор

Е.Б. Сыдықов
2020 ж.

**«БВ02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» білім беру бағыты
«В033-Дін және Теология» білім беру бағдарламалары тобына арналған
«Дін негіздері» бойынша шығармашылық емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**


Әзірлеушілер:

ф.ғ.к., доцент м.а.




К. Тышхан

PhD, доцент м.а.



С. Окан

PhD, доцент м.а.



Н.Е. Кайрбеков

Шығармашылық емтихан қабылдауда «Дін негіздері» емтиханының түсу бағдарламасы «Дінтану» кафедра отырысында талқыланды, «18» сәуір 2019 ж. № 9 хаттама

Кафедра меңгерушісі



К. Тышхан

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясымен (ОӘК) мақұлданды, «15» сәуір 2019 ж. № 9 хаттама

ОӘК төрағасы



Ж.К. Аубакирова

Факультет деканы



Б.Б. Қашхынбай

Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор



Е.А. Онгарбаев

Мазмұны

1. Жалпы ереже	4
2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі	4
3. Бағалау критерийлері	6
4. Емтихан тапсырмаларының тақырыптары	6
5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	8

1. Жалпы ереже

«B02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» білім беру саласының «B033-Дін және теология» білім беру бағдарламасы тобына түсу барысында талапкердің «Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» пәні бойынша білімін бағалауға арналған емтихан билеттері шеңберінде негізгі талаптарды қамтиды.

«Дін негіздері» шығармашылық емтихан сұрақтары «Дінтану негіздері» мектеп оқулығының мазмұны негізінде дайындалды. Сұрақтарға өтініш берушінің дінтану, дін тарихы, дін мен мәдениеттің байланысы туралы білімдері кіреді. Осыған сәйкес «B033-Дін және Теология» білім беру бағдарламалары тобына қабылдау үшін шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері қойылған.

Шығармашылық емтиханның мақсаты – Орта және арнайы орта білім беру оқу орындарында оқытылатын «Дін негіздері» пәні бойынша талапкерлердің білім деңгейін бағалау.

Шығармашылық емтиханның міндеті:

- талапкердің «Дін негіздері» пәні бойынша негізгі тақырыптарды игеру деңгейін бағалау;
- талапкердің емтихан сұрақтары бойынша сауатты әрі қисында жауап беру машығын тексеру;
- талапкердің дін, мәдениет және қоғамдағы дін саласына қатысты ақпараттарды талдау шеберлігін айқындау,

2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

«Дін негіздері» пәнінен шығармашылық емтихан билет түрінде өткізіледі. Шығармашылық емтихан сұрақтары «Дінтану негіздері» мектеп оқулығының мазмұны негізінде дайындалады. Әр емтихан билеті екі сұрақтан тұрады. Барлық сұрақтарға жауап беру үшін 7-10 минут беріледі.

Шығармашылық емтихан университеттің пәндік комитеті қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, онлайн режимінде өткізеді.

Шығармашылық емтиханға екі күн қалғанда пәндік комиссия талапкерлерге арналған Microsoft Teams платформасында емтихан тапсыру туралы консультация өткізеді, онда емтиханды өткізу тәртібі мен ережелері түсіндіріледі.

Үй-жайларды дайындауды қабылдау емтиханының басталуына дейін талапкер жүзеге асыруы керек.

Шығармашылық емтихан кезінде үміткер:

- бөлмеде жалғыз болуы керек;
- өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және кеңсе тауарлары (қалам және қарындаш), жауаптарды жазу үшін (A4 форматында) қағаз болуы керек.

Емтихан алдында (30 минут ішінде) пәндік комиссия мүшелері жеке басын куәландыратын құжаттардың фотосуреттері негізінде емтихан тапсыратын талапкерлерді сәйкестендіруді жүзеге асырады.